



Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
«Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Сапа менеджменті жүйесі
Колледжішілік «Үздік әдіскер -2018»
конкурсының Ережесі

Басылым 1

Бекітемін

Ғылыми әдістемелік кеңес

төрайымы _____ Ж. Слямбекова

«__» _____ 2018ж.

Кәсіптік практика әдіскерлері арасындағы «Үздік әдіскер-2018» колледжішілік конкурстың Ережесі

Осы Ереже «Үздік әдіскер-2018» колледжішілік конкурсының мақсатын және міндетін, оның ұйымдастыру тәртібін, өткізу, қорытынды жасау және жеңімпаздарды марапаттауды анықтайды.

1. Жалпы ереже

1.1 Конкурстың жалпы басқарылуын Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің әкімшілігі жүзеге асырады. Конкурсты өткізу бойынша ағымдағы ұйымдастыру жұмысын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

1.2 Конкурс кәсіптік практика процесінің ғылыми-әдістемелік камтамасыз етілуін жетілдіруге және педагогтың кәсіби-жеке дамуы үшін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуіне бағытталған.

1.3 Конкурс практика әдіскерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылатуға және шығармашылық әлеуетін барынша толық іске асыруға бағдарланған тәжірибелік іс-шара болып табылады.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:

Кәсіптік практика бойынша әдіскерлердің үздік іс-тәжірибелерін анықтау, педагогикалық шеберлігін ынталандыру, кәсіби құзырлылығын, әлеуметтік мәртебесін арттыру, сонымен қатар шығармашылықпен жұмыс жасайтын әдіскерлерді анықтау, әдіскердің кәсіби қызметінің мазмұнын жаңартылған білім беру мазмұнына сай озық педагогикалық технологияларды іс-тәжірибеге енгізу бойынша педагогикалық идеяларды іздеу, үздік әдістемелік тәжірибені анықтау, тарату, әдістемелік жұмысты ұйымдастырудағы инновациялық амалдарды ынталандыру мен қолдану, әдіскердің кәсіби беделін арттыру.

4. Конкурс қатысушылары:

4.1 Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің кәсіптік практика бойынша әдіскерлері (барлық курс бойынша)


5. Конкурстың бірінші кезеңіне қабылданатын құжаттар: (сырттай бағаланады)

5.1 Оқу практикасы бойынша оқу- әдістемелік кешен.

5.2 Кәсіптік практика түрлері (оқу және педагогикалық практика) бойынша оқу-әдістемелік құралдар (қағаз және электронды нұсқада)

5.3 Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік жұмыс жүйесі.

(Әдістемелік құралдар электрондық нұсқада 2018 жылдың 13 сәуіріне дейін қабылданады)

	<p>Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны</p>	<p>Сапа менеджменті жүйесі Колледжішілік «Үздік әдіскер -2018» конкурсының Ережесі</p>	<p>Басылым 1</p>
--	--	---	------------------

5.4 Кәсіптік практика түрлері бойынша материалдардың баспасөз беттерінде, басылымдарда, сайттарда 2018 жылдың 13 сәуіріне дейін жариялануы.

5.5 Кәсіптік практика түрлері бойынша материалдары бойынша тақырыптарымен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы, жариялануы. (2018 жылдың 13 сәуіріне дейін)

5.6 Ашық практика күндері

5.7 Іс-құжаттардың толтырылуы (кәсіптік практиканы есепке алу журналының, есеп, оқу жұмыс бағдарламалары, білім алушылардың күнделік-есептері, әдіскер күнделігінің толтырылуы).

6. Конкурстың екінші кезеңі (сырттай бағаланады)

- Әдіскер портфолиосы, пәндер, жеке әдістемелер бойынша білім алушының портфолиосы.
- Озат тәжірибе бойынша іс-тәжірибе бөлісу (Мектеп, балабақшамен бірлескен семинар материалдары).
- Үздік сабақ жоспарларының жинағы,
- Үздік сабақтардың сайтқа, басылымдарға жариялануы.
- Әдіскер, білім алушы туралы мектеп, балабақшадан Пікір. 2018 жылдың 13 сәуіріне дейін қабылданады.

7. Конкурстың үшінші кезеңі «Тосын сәт»: 2018 жылдың 18 мамырында өтеді.

Әдіскерлер өз тәжірибесімен бөлісу үшін өзін-өзі жарнамалап (презентация/бейнеролик -5 мин.), өз пәні бойынша дидактикалық құрал, ой-толғау, өздерін жаңа қырынан таныту. 2018 жылдың 18 мамырында өтеді.

8. Қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаз анықталады (1 орын) және (2 және 3 орын) «Үздік әдіскер-2018» конкурсының жүлдегерлері және «Шығармашыл әдіскер», «Үздік әдістемелік нұсқаулық», «Жаңашыл әдіскер» номинацияларымен марапатталды.

9. Байқауға жауапты: директордың оқу-өндірістік жұмысы бойынша орынбасары және практика әдіскері.

Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары

Р. Жакашев

«__»_____ 2018ж